

Қ.К. Кенжалин, М.А. Еремекбаева\*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
(E-mail: kenkk@mail.ru, maira\_08@mail.ru)

## Қазақ және түрік мақал-мәтелдерінің лексика-семантикалық сипаты

Мақалада қазақ-түрік мақал-мәтелдерінің зерттелуіне тоқтала отырып, олардың жиналып, жариялану кезеңдері анықталған. Мақал-мәтелдердің екі тілдегі берілген анықтамаларын өзара салыстыру арқылы олардың халық мәдениетіндегі алатын орны мен атқаратын қызметі сипатталған. Сонымен қатар лексика-семантикалық сипатына мән бере отырып, қазақ-түрік халықтарының мәдениеті мен салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын танытудағы атқаратын қызметі сараланған. Авторлар мақал-мәтелдердің қазақ және түрік тілдеріндегі орны мен қолданыс аясына назар аударып, екі тілдегі мақал-мәтелдердің мағына сәйкестігіне қарай жіктеп, талдаған. Оларды салыстырып, екі халық мәдениеті мен танымындағы ұқсастықтары мен айырмашылықтары талқыланып, оған әсер етуші факторлар көрсетілген. Негізінен салыстырмалы зерттеу әдісімен зерттей отырып, лексика-семантикалық сипаттарын анықтаған. Зерттеу нәтижелері қорытындыланып, қазақ және түрік халықтары бір негізден тарағандығы көрсетілген.

*Кілт сөздер:* мақал-мәтелдер, қазақ тілі, түрік тілі, лексика-семантикалық талдау, салыстырмалы зерттеу.

### *Kipicne*

Қазақ және түрік тілі арасындағы мәдени байланыс пен түбі бір түркілік туыстық жақындықты анықтау мақсатында, қазақ халқының мәдениеті және рухани байлығы сақталған қазақ мақал-мәтелдері мен қазіргі таңда түрік халықтарының ішіндегі мәдени және экономикалық ықпалы күшті түрік халқының мақал-мәтелдерін салыстыра зерттеу арқылы тілдер арасындағы туыстық қатынас пен рухани үндестіктің қаншалықты сақталғанын анықтамақпыз. Ондағы лексика-семантикалық бірліктердің қолданылуы мен мағыналық реңкін салыстыра отырып ой қорытпақпыз.

Тілдерді салыстыра зерттеу әр тілдің өрнек бояуын, ұлттық ерекшелігін, қайталанбас қасиетін танып білуге мүмкіндік береді. Осындай зерттеулер халықтардың бір-бірімен түсінісу барысын жүзеге асыруға кеңінен атсалысады. Зерттеу жұмысымызды жүргізу барысында қазақ және түрік тілдеріндегі мақал-мәтелдерді салыстыра отырып, олардағы әр халықтың дүниетанымы мен өмірлік тәжірибеде қалыптасқан түсініктердің көріністерін ашып, ұлттық және мәдени танымдық сипатын ашуға талпыныс жасалады.

### *Зерттеу материалдары*

Халық даналығы мен мәдени мұрасының сарқылмас қазынасы халық ауыз әдебиеті дейтін болсақ, сөз құдыреті мен сөз мәдениетінің мәйегі мақал-мәтелдер екені анық. Қазақ халық ауыз әдебиетін жинап, зерттеп жариялауда өлшеусіз еңбек сіңірген ғалым Ә. Диваев әрбір жанр түрлеріне жеке-жеке анықтамалар берген. Олардың халық тілі мен әдебиетіндегі маңызы мен атқаратын қызметіне, қолданылу ерекшелігіне тоқтала отырып: «Мақал-мәтелдер — халық творчествосының ең көне түрі. Сонымен қатар олар көне заманда туылған күйі қатып-семіп қалған емес, дәуір өзгерген сайын молайып, толығып отырған. Халық тұрмысындағы әрбір елеулі кезең, жаугершілік, шапқыншылық болсын, той-думан болсын, шаруашылыққа байланысты жағдайлар, қуаныш-реніш, азат пен рахатты кездер түрлі айтушылардың өңдеулерінен өтіп қалыптасқан, мақалға айналған», – деп тұжырымдайды.

### *Нәтижесі мен талқылануы*

Мақал-мәтелдер — әр халықтың сан ғасырлар бойы екшеліп қалыптасқан рухани құндылығының көркем көрнісі. Өмірде көрген-білгендерінен, түрлі тәжірибелерден жинақталған философиялық ойларының нәтижесі. Тұрақты сөз оралымдарының өңделіп, бір қалыпқа келтіріліп қалыптасқан түрлері. Мақал-мәтелдер ой дәлдігімен, терең мазмұнымен ерекшеленіп, тоқсан ауыз сөзді тобықтай тү-

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: maira\_08@mail.ru

йінін білдіреді. Сонымен қатар, халықтың өмір туралы таным түсінігін және оны сипаттаудың ерекше тілдік құралы. Мақал-мәтелдер сол ұлттың танымдық ерекшелігін айқын сипаттаумен қатар, тәрбиелік, тәлімгерлік рөл де атқарады. Адам бойындағы барлық қасиеттер мен мінез-құлықтың нағыз адам табиғатына сай өсіп жетілуіне бағыт-бағдар бере отырып, кемел тұлға қалыптастыруға өз септігін тигізеді. Халық санасында жазылмаған ереже ретінде ерекше орын алатын халық даналығы мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестерінде айқын көрініс береді. Мақал-мәтелдер ұрпақ тәрбиесі жөнінде өзінен бұрынғылардың еңбекқорлық, моральдық-психологиялық, кәсіптік-шаруашылық ой тұжырымдарын шоғырландырып, халық тәжірибесін сөз қазынасы ретінде қалдырып отырады. Осыған қарап, көшпенділердің сонау ерте дәуірден-ақ қоршаған орта мен адам жандүниесінің қалтарыстарын терең меңгеріп, иірім қойнауларына терең бойлап, әрі оны ақылмен байыптай қорытып түсіндіре алғанын байқаймыз. Мақал-мәтелдер белгілі бір шешіммен істің дұрыстығын анықтайтын логикалық қызметтің эталоны тәрізді адамның ой-әрекеттерінде маңызды рөл атқарып отырды. Мақал-мәтелдер — ғасырлар бірі-бірінің жалғасын тапса да, сол күйі өзгеріссіз қалған, ата-бабаларымыздың біздерге қалдырған өсиеті, ауыз әдебиетінің баға жетпес мұрасы, сарқылмас қазынасы.

Мақал-мәтелдер жекеше түрде фразеологияның құрамында тұрақты сөз тіркесі ретінде тілдік талдаулардың нысаны болған болса, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы шенінде паремиология лингвистиканың дербес саласына айнала бастады.

Паремия сөзі грек тілінен аударғанда нақыл сөз деген мағынаны білдіреді. Ғалымдардың бір тобы осы паремиологияның тіліміздегі мақал-мәтел, нақыл сөздер, жұмбақтар секілді тілдегі күрделі формада жасалатын ерекше сөз тіркестерінің зерттеп-зерделейтін арнайы пән ретінде көрсетсе, келесі бір тобы күрделі тілдік тұрақты оралымдарды атау үшін паремия терминінен бас тартып, паремиологиялық бірлік терминін енгізуді дұрыс деп санайды [1; 48]. Біршама уақыт өте келе, мақал-мәтелге деген ерекше қызығушылықтан оның лексикалық, грамматикалық және семантикалық ерекшеліктері тілшілердің назарына іліге бастады. 1952 жылғы ғылыми еңбегінде А.И. Оссоветский паремиологиялық бірліктердің тек қана көркем шығарма тіліне емес, жалпы тілімізге тән екенін айта келе «Өзінің өмір сүру ерекшелігіне байланысты мақал-мәтелдер ешқашан орындалмайды немесе жай ғана айтылмайды, ол тілдегі фразеологиялық оралымдар секілді тілдің өзінде қатысымға түсіп, онымен бірге өмір сүреді» деген пікір білдіреді [2; 98]. Сонымен қоса мақал-мәтелдердің тілдік сипатына В.Л. Архангельский, С.И. Ожегов, Н.М. Шанский, В.П. Жуков, А.Б. Бабкин, А.В. Кунин, т.б. орыс ғалымдары орыс тілі фразеологиясына байланысты зерттеулері мен жалпы кейбір еңбектерінде тоқталып кетеді.

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы бүкіл түркі дүниесінің мәдениеті мен салт-дәстүрін, тіл тазалығы мен сөз мәдениетін бұлжытпай сақтап келе жатқан бірден-бір халық екендігін назарға алған академик В.В. Радлов түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиеті үлгілерін жинауда қыруар еңбек сіңірген. Қазақ халқының мәдени мұрасына арнайы тоқталып, көшпенді өмір сүрген халықтың тілі мен тілдік қорында сақталған мақал-мәтелдеріне, тұрақты сөз тіркестеріне, ауызша тараған жыр-дастандарына таңданыспен қарап, оған ғылыми деңгейде зерттеу жүргізіп талдаулар жасады.

Қазақ мақал-мәтелдерінің ғылыми теориялық негізі қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлынан бастау алады. Ғалым өз еңбектерінде мақал-мәтелдерге анықтама беріп, оларды тілдік материал ретінде кеңінен пайдаланды.

Қазақ мақал-мәтелдері, негізінен, Қазан төңкерісінен бұрын да азды көпті зерттеле бастаған еді. Қазақтың мақал-мәтелдерін жинақтау, жариялау ісі XVIII ғасырдың екінші жартысында, ал зерттеу тарихы болса, кеңес дәуірінен бастау алады. Қазақ халқының мақал-мәтелдерін алғаш рет қағаз бетіне түсірген ғалым — Ш. Уәлиханов пен И.Н. Березин мұрағаттарында XIX ғасырдың орта шеніндегі ел аузынан жазылып алынған 200-ден астам мақал-мәтелдер сақталған. Сол кезеңнен бері қазақтың мақал-мәтелдері әртүрлі жинақтар мен хрестоматияларда жарияланып келеді. Қазақ тіл білімінде мақал-мәтелдерді арнайы зерттеген алғашқы ғалымдардың бірі Р. Сәрсенбаев болды. Ол қазақ мақалдары мен мәтелдерінің лексика-стилистикалық ерекшеліктері (1961 ж.) атты кандидаттық диссертациясында қазақ мақалдарының лексика-стилистикалық ерекшеліктеріне алғаш рет тоқталды. Аталған ғылыми еңбекте қазақ мақалдарының жасалу жолдары, түрлері, ішкі мазмұны, өзара жақын жанрлармен арақатынасы зерттеледі [3].

Мақал-мәтелдерді ғылыми деңгейде зерттеу белгілі ғалымдар — М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Н. Төреқұлов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Б. Адамбаев, М. Әлімбаев, Т. Кәкішев, З. Қабдолов, М. Базарбаев, С. Қасқабасов, С. Нұрышев т.б. әдебиетшілердің зерттеулерінде мақалдардың әдеби табиғаты, ал Р. Сәрсенбаев, Ә. Қайдар, Б. Шалабаев, Ө. Айтбаев, С. Сәтенова, Ғ. Тұрабаева, А. Нұрмаханов және т.б. тілші мамандар зерттеулерінде тілдік ерекшеліктер сөз болды.

Ал түркітану саласына келетін болсақ, мақал-мәтелдердің зерттелу жайы бойынша әрбір тілде шыққан жинақтарды санамағанда, бұл тілдердегі паремиологиялық бірліктер ғылыми тұрғыдан өте аз зерттелген саланың бірі. Түркі тілі паремиолог-ғалымдары мақал-мәтелдерді тілдік тұрғыдан зерттегенде, олар басты назарды аталған бірліктердің лексика-грамматикалық, лексика-семантикалық ерекшеліктеріне назар аударды. Атап айтар болсақ, Ю.Ф. Ефимов, С. Гапаров, З.А. Ализаде тағы басқа ғалымдар шуваш, қырғыз, әзербайжан тілдеріндегі түрлі ерекшеліктерді тілге тиек етеді. Түрік тілі білімінде мақал-мәтел жинақтау және оған түсіндірме жұмыстарын жүргізуде ғалым Өмер Асим Аксойдың еңбегі ерекше. Ғалым өзінің «*Atasözleri ve deyimler sözlüğü*» атты еңбегінде түрік тіліндегі тоғыз мыңға жуық мақал-мәтелдерді жинақтап, оларға семантикалық талдаулар жасайды. Зерттеуші ғалым, Х.Хусейннің мәтелге берген анықтамасы қазақ ғалымдарының мәтелге берген анықтамасына сәйкес келеді. Қазақ тілі білімінде мәтел мақалға қарағанда айтылатын ойдың тұспалды болуымен ерекшеленсе, ал мақал әдетте толық тұлғалы, тұтас ойлы, бір немесе бірнеше тұжырымды сөйлемдерден құралады [4; 67].

Мақал-мәтелдердің ұлт тілінде көп қолданыс табуы сол халықтың сөздік қорының да, таным көкжиегінің де биіктігінің көрінісі болып табылады. Яғни, мақал-мәтелдер сол ұлттың танымына тікелей байланысты [5].

#### *Нәтижелер және талқылау*

Мақал-мәтелдерді лексика-семантикалық сипатына қарай талдай отырып, қазақ және түрік тілдеріндегі мағынасы мен құрылымы жағынан ұқсас мақал-мәтелдермен қатар, мағыналары бірдей, бірақ, мақал-мәтелдердің құрамындағы ұйытқы сөздердің ауысып келуімен жасалған мақал-мәтелдерді де қарастырдық.

*Қазақ және түрік тілдеріне ортақ мақал-мәтелдер.*

«*Аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш болам деп ойламайды*» — «*Aç doymam, tok acıktam sanır*» (Аш тоймаймын, тоқ ашықпаймын деп ойлайды). Берілген мақалдар бір-біріне мағыналық жағынан үндес келіп, аштық пен тоқтықтың қадірін, бар мен жоқтықтың тұрақты емес екендігін жеткізіп отырса, ерекшелігі, қазақ мақалына «бала» сөзінің қосылу арқылы экспресивті-эмоционалды мән үстеп тұр.

«*Анасына қарап қызын ал, аяғына қарап асын іш*» — «*Anasına bak kızını al, kenarına bak bezini al*» (Анасына қарап қызын ал, жиегіне қарап матасын ал). Аталған екі мақалдағы мағына бір. Яғни, кез келген адамға, затқа таңдау жасамастан бұрын, оның шыққан тегіне, негізіне қарау керектігін меңзеп тұр. «*Асыққан шайтанның ісі*» — «*Acele işe şeytan karışır*». Бұл мақалдарда да мағына жағынан үндесе келіп, шешім қабылдау барысында аса ұқыптылықпен асықпай ойланып барып, дұрыс шешім қабылдау керектігін білдіріп тұр.

«*Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарайды*» — «*Otuz iki diştен çıkan, otuz iki ağza (mahalleye, orduya) yayılır*» (Отыз екі тістен шыққан отыз екі ауызға тарайды). Берілген мақалдардағы мағына бір. Алайда, қазақ тілінде «отыз тіс» деп берілсе, түрік тілінде «отыз екі тіс» деп берілген. Яғни, ауыздан шыққан сөз немесе айтылған әңгіме, адам қаласа да, қаламаса да, барлығына естілетінін, дүйім жұртқа аян болатындығы жөнінде.

«*Арпа-бидай ас екен, алтын-күміс тас екен*» — «*Arpa, buğday aş oldu, altın gümüş taş oldu*» аталған мақалдардағы мағына үндестігі өте жақын, ұқсас десек те болады. Осыған қарап отырып қазақ халқы мен түрік халқының таным-түсінігімен қатар шаруашылығының да ортақ тұстары көп екендігін аңғарамыз. «*Аштық не жезгізбейді, тоқтық не істемкізбейді*» — «*Açlık ne yedirtmez, tokluk ne dedirtmez*» (Аш не жемейді, тоқ не демейді). Аталған мақалдар басыңа іс түскенде неден болса да аянбайтын, адам болмысының көмпістігін білдірумен қатар, баршылық, молшылықты дұрыс бағдарлай білмеген жағдайда азғындыққа апаратындығын екі халық та дөп басып көрсеткен.

«*Басың істемесе екі аяғыңның соры*» — «*Akılsız başın cezasını (zahmetini) ayaklar çeker*» (Ақымық бастың жазасын аяқтар өтейді). Екі халықтың таным түсінігіне де ортақ келетін мақалдардың мағынасы: кез келген істі істер алдында асықпай ойланып, ақылға салып тиянақты түрде аяқтау керектігін, ал ойланбастан істелген жұмыстың өз сорың болатынын ашық көрсетіп тұр.

«*Саудада достық жоқ*» — «*Akraba ile ye iç (varış geliş et), alışveriş etme*» (Туысқандарыңмен (достарыңмен) іш-же, бірақ, сауда жасама). «*Көп мүкірсе көл*» — «*Damlaya damlaya göl olur*» (Тамшы тама-тама көл болады). Берілген түрік және қазақ тіліндегі мақалдарда достықтың маңызы мен туысқандықтың қадірін жоғары бағалайтындығын аңғартумен қатар арадағы сый-құрметпен адалдықты сызат түсірмей сақтау үшін достыққа сауда мен ақшаны араластырмауды міндеттейді.

**«Көп жасаған білмейді, көпті көрген біледі»** — «Çok yaşayan bilmez, çok gezen bilir»; **«Ақылсыз достан, ақылды дұшпан артық»** — «Akıllı düşman, akılsız dosttan iyidir»; **«Мың досың болса аз, бір дұшпаның болса көп»** — «Bin dost az, bir düşman çok»; **«Қызым саған айтам, келінім сен тыңда»** — «Kızım sana söylüyorum, gelinim sen anla»; **«Жыламаған балаға емшек жоқ»** — «Ağlatmayan çocuşa teme vermezler»; (Жыламаған балаға емшек бермейді), **«Көрпеңе қарап көсіл»** — «Ayağını yorganına göre uzat»; (Аяғыңды көрпеңе қарай соз), **«Ақша ақшаны шақырады»** — «Para parayı çeker»; **«Құс қанатымен ұшады, құйрығымен қонады»** — «Kuş kanadıyla uçar, Kığı ile konar». Бұл мақалдардан мағынасы жағынан үндестіктің бірдей екендігін және ешқандай айырмашылықтың жоқтығына қарай отырып, түрік халқы мен қазақ халқының таным-түсінігінің бір-бірімен сәйкес келетіндігін аңғаруға болады.

**«Не ексең соны орасың»** — «Arpa eken, arpa biçer» (Арпа еккен, арпа орап). Екі мақалдағы негізгі ой бір, қолданылып тұрған тірек сөздер де бір негізде жасалған. Яғни, екеуінде де егіншілікке қатысты сөздер қолданылып, тіршілікте бақытқа қол жеткізсең немесе жолың болмай ойлаған істерің кері кетсе, оған ешкімнің де жазығы жоқ, тек қана өзің кінәлі екеніңді, өзіңнің істеген игі, жаман амалдарың күндердің күні алдыңнан шығатынын көрсетіп тұр.

**«Дұшпан күлдіріп айтады, дос жылатып айтады»** — «Dost, acı söyler, fakat doğru söyler» (Дос ащы айтады, бірақ дұрыс айтады). Мақалдардың мағынасына мән бере отырып, екі халықтағы достықтың орны, достыққа деген сенім шамалас келетіндігін аңғарамыз. **«Алдыңғы арба қайда жүрсе, соңғы арба сонда жүрер»** — «Arabanın ön tekerleği nereye giderse, arka tekerleği de oraya gider» (Арбаның алдыңғы дөңгелегі қайда барса, артқы дөңгелегі де сонда жүрер). Аталған мақалдардағы үлкен буынға қарап арттағы ұрпақтың тәлім-тәрбие алатындығын, сол үшін, үлкендер тарапынан үлгі-өнеге үзілмеу керектігін екі халықта дәл тұспалдап жеткізіп тұр. **«Шақырмаған жерге барма, шақырған жерден қалма»** — «Çağrılan yere erinme, çağrılmayan yere görünme» (Шақырылған жерге ерінбе, шақырылмаған жерге көрінбе). **«Балық басынан шириді», «Қонақ келсе, құт келер»** — «Misafirin Ayağı Uğurludur» (Қонақтың аяғы құт). Берілген мақалдар мағыналық жағынан үндесіп келіп, екі халықтың да аса қонақжай халық екендігін көрсетіп тұр. **«Бес саусақ бірдей емес»** — «Beş parmağın beşi de bir değildir» (Бес саусақтың бесеуі де бір емес).

Өмір болғаннан кейін жақсы да, жаманда болатынын екі халық та бірдей түрде жеткізген. **«Ит итті жұмсайды, ит құйрығын жұмсайды»** — «İt ite buyurmuş, it de kuyruğına» (Ит итке бұйырыпты, ит құйрығына).

**«Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында»** — «Adamın alası (alacası) içinde, davarın (hayvanın) alacası dışında». Екі халықтың мақалдарындағы мағына ұқсастықтарымен қатар, еш өзгеріссіз бірдей болып тұрған сөздеріне мән бере отырып, қазақ пен түрік халқының таным-түсінігі мен тұрмыс-тіршілігінің біршама жақын туыстық бар екендігін аңғаруға болады.

Әр ұлттың өзіне тән тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрінің болуымен қатар, өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері, өмір сүру ережелері, күн кешуі, тіпті тамақтану ерекшеліктері де бар. Тұрмыс пен салтты ажыратпай ортақ бір атау (тұрмыс-салттық мақал-мәтелдер) беріп, қазақ және түрік халықтарына ортақ тұрмыс-салтқа байланысты мақал-мәтелдердің ерекшеліктерін бірге қарастырғанды жөн көрдік. Мысалы, **«Ағacı yaprak yaraştırır, insanı giyim»**, **«Ağacı güzel gösteren yapraklarıdır»** және **«At yiğidin yoldaşı»** деген түрік тіліндегі мақалдардың қазақ тілінде **«Адам көркі — шүберек, ағаш көркі жапырақ»**, **«Ат — ер қанаты»** деген мақалдармен тура мағынада екеніне көз жеткізуге болады. Тұрмыс-салтқа байланысты айтылған мақалдардың құрамындағы кейбір сөздердің ауысып келетінін көруге болады. Мысалы: **«Тауықтың түсіне тары кіреді»** — **«Аç tavuk uykusunda darı görür»** (Аш тауық түсінде тары көреді); **«Ат айналып қазығын табар, ер айналып елін табар»** — **«At aylansa kazıkla»**; **«Екі қошқардың басы бір қазанға сыймас»** — **«İki bas bir kazanda kaynamaz»** (Екі бас бір қазанда қайнамайды), **«İki aslan bir posta sığmaz»** (Екі арыстан бір торға сыймас) және т.б.

Адам бойынан табылатын жақсы және жаман қасиеттер де мақал-мәтелдерде көрініс тауып жатады. Сол қасиеттер арқылы бір елдің ой-санасын, психологиясын анықтауға болады. Түбі бір туыстас екі халықтың, ұзақ уақыт бойы араласа алмаса да, әлі күнге дейінгі олардың ойлау жүйесі мен мінез-құлық ұқсастығы түбі бір туыстас түркі халықтарының ұрпақтары екендігін дәлелдейді. Қазақ және түрік тілдеріндегі адамгершілік пен кішіпейілділікке қатысты айтылған мақал-мәтелдерге зер салайық. Түрік тілінде **«Alışmış, kudurmuştan beterdir»** (Үйреніскен құтырғаннан бетер) — қазақ тілінде **«Дәніккеннен құныққан жаман»**; түрік тілінде **«Akıl nefsin düşmanıdır»** (Ақыл нәпсінің дұшпаны) — қазақ тілінде **«Ашу — ақылдың дұшпаны, нәпсі — иманның дұшпаны»**; түрік тілінде **«Uyuyan uylanın kuyruğına basma»** (Ұйықтаған жыланның құйрығына баспа) — қазақ тілінде **«Ұйықтап жатқан жы-**

ланның құйрығын баспа»; «*Yanınızda bir arkadaşı varsa, hiçbir yol uzun değildir*» (Жаныңда жолдасың болса, ешқандай жол ұзын емес) — қазақ тілінде «*Жолдасың жақсы болса жолым ұзын деме, Жолдасың жаман болса қолым ұзын деме*» және т.б.

Сонымен қатар қазақ және түрік тілдерінде мағыналары бірдей, бірақ, мақалдардың құрамындағы ұйытқы сөздердің ауысып келуімен жасалған мақалдар да кездеседі. Мысалы:

«*İki kaptan bir gemiyi batırır*» (Екі капитан бір кемең батыра) — «*Екі қошқардың басы бір қазанға симайды*». Берілген қазақ және түрік мақалдарының мағыналары бірдей болғанымен негізгі ұйытқы сөздер әр түрлі. Себебі, басында атап көрсеткендей, екі халықтардың орналасқан географиялық аймақтары мен шаруашылығына, таным-түсінігіне байланысты мақалдардың да ұйытқы сөздері әр түрлі. Түрік елі теңізге бай болғандықтан, халықтардың өмір сүру салты теңізбен етене жақын. Сол үшін мақалдағы тірек сөздердің «капитан», «кеме» болуы сол себепті. Ал, қазақ халқының айналысатын кәсібінің басым бөлігі мал шаруашылығы болғандықтан, қолданылатын ұйытқы сөздердің үй жануарлары болып келуі де сондықтан. «*Avcı kediye kurnaz fare*» (Аңшы мысыққа — айлакер тышқан) — «*Мың асқанға бір тосқан*». Екі тілдегі мақал-мәтелдер мағыналық жағынан бірдей келіп, қанша мықты болса да сенен де айласын асырып, сені сан соқтыратын біреудің жолығатынын тұспалдап тұр. Түрік тіліндегі нұсқасында үй жануары «мысық» сөзінің қолданылуы түрік халқындағы сонау исламдық дәуірден келе жатқан таным-түсінікті білдіретін болса, қазақ тіліндегі «мың» сөзі ерте уақыттан бері қазақ танымында мол, көп мағынасын берумен қатар, қоғамдық статусты да білдіріп келеді. Оған дәлел *мың қол, мың басы, мың сан ноғай* т.б. сөздер.

«*Erken kalkan (çıkan) yol alır, erken evlenen döl alır*» (Ерте шыққан жол алады, ерте үйленген ұрпақ алар) — «*Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық, ерте тұрған еркектің бір ырысы артық*». Берілген мақалдарда мағына сәйкестігі келгенімен оларды тудыруда қолданылатын тірек сөздердің әр түрлі болып келуі халықтар арасындағы танымның әуелгі бірлік қалпынан айырыла бастағанын көрсетеді. Мұндағы түрік тілінде «дөл» сөзі ұрпақ мағынасын беру арқылы, қазақ тіліндегі «ырыс, несібе» сөзінің орнына жұмсалып тұрғандығын байқаймыз.

«*Babaya dayanma, kariya güvenme*» (Әкеге сүйенбе, әйелге сенбе) — «*Астыңдағы атыңа, қойныңдағы қатыныңа сенбе*». Екі мақал-мәтелде де халықтар үшін сенім ұғымының қаншалықты маңызды екендігі түсіндіріліп тұр. Алайда, осы ұғымды ашықтаудың жолы ретінде «ат» сөзінің «әйел» сөзімен қатар қолданылуы, қазақ ұғымында ер азаматтың ең сенімді серігі осы екеуімен айшықталатындығын білсек, түрік мақалындағы «әке» сөзінің кірістірілуі, мақалдың мағынасына жаңа мән үстеп тұр.

«*İnsanlar konuşa konuşa, hayvanlar koklaşa koklaşa anlaşır*» — «*Адам сөйлескенше, жылқы кісі-нескенше*». Мақалдардың мағыналары үндесіп келгенімен тірек сөз ретінде алынған «*хайван*», «*жылқы*» сөздері екі халықтың сөз қолданыстарындағы, таным-түсінігінің ұқсастығымен қатар, айналысатын кәсіптеріне байланысты өзгешеліктердің де бар екенін көруге болады. Қазақ мақалындағы «жылқы» сөзінің қолданылуы, қазақ халқының төрт түлік ішіндегі ең қадір тұтатын, қастерлейтін жануары жылқы екендігін аңғарамыз.

«*At teper, katır teper: ara yerde eşer ölüir (At tepişir arada eşek ölüir)*» — (Ат тебіссе ортада есек өледі) — «*Екі түйе сүйкенсе, ортасында шыбын өледі*». Мақал мағынасы күштілер арасындағы бәсекелестік пен бақталастықтың кесірі, әрқашан, айналасындағы әлсіздерді шарпымай өтпейтіндігін, олардың зардап шегетіндігін айқын көрсетіп тұр. Ал, түрік тіліндегі мақалдың ұйытқы сөзі «есек» жануарымен сәйкестендірілуі олардың танымындағы ең момын, әлсіз, зияны жоқ жануар есек болғандығына байланысты айтылса, қазақ мақалындағы «шыбын» сөзі елеусіз, қауқарсыз сипатта болғандықтан қолданылып тұр.

Адамзат тарихындағы түркі әлемінің, түркі тілдес халықтардың бастау бұлағы бір арнадан тарағанымен, сан ғасырлар бойғы тарихи қалыптасу даму барысы әрқайсысының өзіндік этномәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, орналасу аймағына байланысты шаруашылығы мен кәсібін қалыптастырды. Екі ұлт арасындағы мәдени байланыс пен түбі бір түркілік туыстық жақындықты анықтау мақсатында түркі дүниесінің байырғы мекенінде әлі күнге дейін тұрақтап отырған көне түркі мәдениетін толық сіңіріп сақтап отырған қазақ халқының мәдениеті және рухани байлығы сақталған қазақ тілі мен қазіргі таңда түркі халықтарының ішіндегі мәдени және экономикалық ықпалы күшті, тарихи оқиғаларға байланысты байырғы мекенінен қоныс аударып, еуропа халықтарымен өзара байланыста болған түрік (оғыз) халқының бүгінгі тілін салыстыра зерттеу арқылы тілдер арасындағы туыстық қатынас пен рухани үндестіктің қаншалықты сақталғанын анықтадық.

### Қорытынды

Қорыта айтсақ, қазақ және түрік тілдеріндегі мақал-мәтелдерді бірнеше тақырыптарға топтастыра отырып, салыстыра қарастырылды. Салыстыра зерттеу барысында екі тілде жарық көрген мақал-мәтелдер сөздіктері пайдаланылды. Қазақ және түрік халықтарына ортақ мақал-мәтелдердің көптігіне жоғарыда берілген мысалдар айғақ бола алады. Екі тілдегі кейбір мақал-мәтелдердің дәл баламаларының болуымен қатар, кейбір мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздердің ауысып келетіндігі де байқалды. Мұндай ерекшеліктердің болуы табиғи құбылыс деп қабылдау керек. Мұндай ерекшеліктер мен ұқсастықтар туыстас түркі халықтарының ғасырлар бойы бір-бірінен жырақта қалып, қоянқолтық араласпауының салдарынан болады. Алайда екі халыққа ортақ мақал-мәтелдерге қарап, қазақ және түрік халықтарының түбі бір екеніне көз жеткізуге болады [6].

Туыстас тілдер тобына жататын қазақ және түрік тілдеріндегі мақал-мәтелдерді салыстыра зерттеу арқылы екі халықтың да мәдениеті мен әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі мен шаруашылығы көне түркілік кезеңінен бір екендігіне көз жеткіздік. Алайда мағынасы мен құрылымы жағынан ұқсас мақал-мәтелдермен қатар, мағыналары бірдей, бірақ мақал-мәтелдердің құрамындағы ұйытқы болатын тірек сөздерінде біршама танымдық айырмашылықтардың қалыптасып үлгергенін байқадық. Оған себеп — жаңа дәуірді екі халық екі түрлі тарихи оқиғамен бастап, екі мекенде өмір сүргендігіне, шаруашылығы мен кәсібінің жаңа бағытқа бет бұруына байланысты болса керек.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Глаголевский П.Т. Синтаксис русских пословиц / П.Т. Глаголевский. — СПб., 1873. — 48 с.
- 2 Оссовецкий А.И. Об изучении языка русского фольклора / А.И. Оссовецкий // Вопросы языкознания. — 1952. — №3.
- 3 Сәрсенбаев Р. Қазақ мақалдары мен мәтелдерінің лексико-стистикалық ерекшеліктері: фил. ... ғыл. канд. дисс. / Р. Сәрсенбаев. — Алматы, 1990. — 224 б.
- 4 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. — Алматы: Ана тілі, 1998. — 384 б.
- 5 Динаева Б.Б. Қазақ мақал-мәтелдерінің прагма-когнитивті аспектісі / Б.Б. Динаева. — Астана, 2013. — 145 б.
- 6 Абдиров Ө. Қазақ және түрік тілдеріндегі кәсіпке байланысты мақал-мәтелдер: фил. ... ғыл. маг. дисс. / Ө. Абдиров. — Нұр-Сұлтан, 2020. — 65 б.

К.К. Кенжалин, М.А. Ермекбаева

### Лексико-семантическая характеристика казахских и турецких пословиц-поговорок

Статья посвящена изучению казахско-турецких пословиц и выявлению этапов их сбора и публикации. С помощью сравнительного метода на двух языках описываются место пословиц и их функции в культуре народа. Акцент сделан на лексико-семантическом характере пословиц, их роли в выражении культуры, обычаев и традиций казахского и турецкого народов. Особое внимание уделено месту и объему пословиц в казахском и турецком языках, при этом значение пословиц на обоих языках анализируется в соответствии с их смыслом. Авторамис статьи на основе сравнения пословиц обсуждены сходства и различия в культуре двух народов, а также указаны факторы, которые повлияли на это. Изучение пословиц методом сравнительного изучения раскрывает их лексико-смысловые характеристики. Результаты исследования показывают, что казахский и турецкий народы имеют одинаковое происхождение.

*Ключевые слова:* пословицы и поговорки, казахский язык, турецкий язык, лексико-семантический анализ, сравнительное исследование.

К.К. Kenzhalin, M.A. Yermekbayeva

### Lexico-semantic characteristics of Kazakh and Turkish proverbs and sayings

The article illustrates the study of Kazakh-Turkish proverbs together with identification of their collection and publication at different stages. While comparing the proverbs in two languages their place and function in

folk culture are described. Paying attention to the lexical and semantic nature of proverbs, the role of Kazakh-Turkish peoples' expression of culture, traditions and customs is analysed. The place and relationship of proverbs in the Kazakh and Turkish languages are underlined. The languages are classified and analyzed according to the meaning of proverbs in both languages. Comparing the proverbs, similarities and differences in the culture and cognition of the two nations are discussed, and the factors influencing them are imparted as well. The study of proverbs by the method of comparative study determines their lexical and semantic nature. The results of the study have shown that the Kazakh and Turkish nations are of the same origin.

*Keywords:* proverbs, Kazakh language, Turkish language, lexical-semantic nature, comparative research, phraseological unit.

### References

- 1 Glagolevsky, P.T. (1873). *Sintaksis russkikh poslovits* [Syntax of Russian proverbs]. Saint Petersburg [in Russian].
- 2 Ossovetskiy, A.I. (1952). *Ob izuchenii yazyka russkogo folklor* [On the study of the language of Russian folklore]. *Voprosy yazykoznanii* — *Questions of linguistics*, 3. Moscow [in Russian].
- 3 Sarsenbaev, R. (1990). *Qazaq maqaldary men matelderinin leksika-stilistikalyq erekshelikteri* [Lexical and stylistic features of Kazakh proverbs and sayings]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 4 (1998). *Adebiattanu terminderinin sozdigi* [Dictionary of literary terms]. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 5 Dinaeva, B.B. (2013). *Qazaq maqal-matelderinin pragma-kognitivti aspektisi* [Pragma-cognitive aspect of Kazakh proverbs]. Astana [in Kazakh].
- 6 Abdirov, O. (2020). *Qazaq zhane tyrik tilderindegi kasipke bailanysty maqal-matelder* [Proverbs related to the profession in the Kazakh and Turkish languages]. *Candidate's thesis*. Nur-Sultan [in Kazakh].